

**2012 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 25 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 шілдеде № 3-5-163 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 7 наурыздағы № 42 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 07.03.2013 № 42 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдесіндегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылы Ырғыз ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдаудың келесі түрлері көрсетілсін:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көтерме жәрдемақы;  
2) тұрғын үй алу немесе салу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік несие.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың қаржы, бюджет және аумақты дамыту бағдарламалары жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы В.Машинаға жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*  
*сессиясының төрағасы:*

*В. Машина*

*Аудандық мәслихат*

*хатшысы:*

*К. Қосаяқов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК